

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Ж.АСФЕНДИЯРОВА**

**АҚТАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ
ПРОЦЕСТІ ЖҮРГІЗЕТІН
ОРГАННЫҢ ЗАҢСЫЗ
ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН
ЗИЯНДЫ ӨТЕУ**




**Орындаған: Әнтай Ақниет
Қабылдаған: Байтекова Қантгүл
Факультет: ЖМ
Топ: 007-1**

Алматы 2016 жыл


Ақтау

Ақтау үкімі- егер қылмыс жағдайы анықталмаған, сотталушының іс-әрекетінде қылмыс құрамы болмаған, сотталушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген жағдайда шығарылатын сот



Сот тарапынан енгізілген әрбір ақтау үкімі агенттік қызметкерлері кәсібилігінің төмендігін көрсетеді

- Сот тарапынан енгізілген әрбір ақтау үкімі Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қызметкерлері кәсібилігінің төмендігін көрсетеді. Бұл туралы Астана агенттіктің 2014 жылы 26 қарашадағы кеңейтілген кеңесінде осы ведомствоның төрағасы Қайрат Қожамжаров мәлім етті.
- «Алдағы жылдан бастап біз жаңа құқықтық тәртіпте жұмыс істей бастайтындығымызды атап өткім келеді. Жаңа Қылмыстық-процессуалдық кодекске сәйкес, қосымша тексеру мен тергеу институттарына тыйым салынады. Сот тарапынан енгізілген әрбір ақтау үкімі біздің кәсіби деңгейіміздің төмендігін көрсетеді. Азаматтар құқығын қорғаудың кепілі болуы тұрғысында біз қабылданатын процессуалдық шешімнің мінсіздігін қамтамасыз етуге міндеттіміз», - деді Қ. Қожамжаров жемқорлыққа қарсы қызметтің офицерлеріне қаратып айтқан сөзінде.



Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс әрекетінің салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері [6, 40-бап, 1-бөл.]

Төмендегілерді орындау

Ұстау	Лауазымынан уақытша шеттету
Қамауға алу	Арнаулы медициналық сипаттағы мекемеге орналастыру
Үйде қамауда ұстау	Соттау

Зиянды өтеткізу құқығы [6, 41-бап].
ҚІЖК-ің 40 бабының екінші және үшінші бөліктерінде
көрсетілген адамдардың мүліктік зиянын өтеуге құқығы бар

1) оларға келтірілген мүліктік зиянды толық көлемде өтеп алуға




2) моральдық зиянның зардаптарының жойылуына




3) зейнетақы, тұрғын үй, еңбек және өзге де құқықтарын қалпына келтіруіне

Сот үкімі бойынша

1) құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағынан айырылғандардың



2) сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілігінің сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айырылғандардың



3) Атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі, біліктілігі қалпына келтіріледі, мемлекеттік наградалары қайтарылады

□ Азамат қайтыс болған жағдайда, зиянды өтеткізу құқығы белгіленген тәртіппен – оның мұрагерлеріне, ал төленуі тоқтатыла тұрған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алу бөлігінде – отбасының асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілетін адамдар тобына жататын мүшелеріне ауысады.

□ Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы барысында адамның ерікті түрде өзіне өзі жала жабу жолымен ақиқатты анықтауға кедергі келтіргендігі және сол арқылы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген салдарлардың басталуына ықпал еткендігі дәлелденсе, оған зиян өтелмеуге тиіс.



Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекетінің нәтижесінде туындаған зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаларға келтірілген мүліктік зиян мыналарды қамтиды:

- ❖ жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, тұлғалар айырылған өзге де қаражаттар мен кірістерді
- ❖ сот үкімінің немесе өзге де шешімінің негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті
- ❖ соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріліп алынған айыппұлдарды
- ❖ сот шығындарын және тұлға заңсыз әрекеттерге байланысты төлеген өзге де сомаларды
- ❖ көрсетілген заңгерлік көмек үшін тұлға төлеген сомаларды
- ❖ қылмыстық ізге түсудің салдарынан келтірілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды

Моральдық зиянның салдарын жою

- ✓ Егер адам заңсыз қылмыстық қудалауға ұшырап, ал қылмыстық қудалау, ұстап алу, күзетпен ұстау, лауазымынан уақытша шеттету, медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, соттау және оған қатысты қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған басқа да әрекеттер туралы мәліметтер баспасөзде жарияланса, онда осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда, оның туыстарының немесе оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған, қылмыстық процесті жүргізетін органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бір айдың ішінде бұл туралы қажетті хабар жасауға міндетті.
- ✓ Қылмыстық процесті жүргізетін, адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті.



Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) vko.sud.kz
- 2) Wikipedia
- 3) Adilet.zan.kz
- 4) www.inform.kz

Назар аударғандарыңызға рахмет

